

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің "Олимп" спорт-сауықтыру орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 ақпандағы N 234 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қырғыз Республикасының аумағында орналасқан Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің "Олимп" спорт-сауықтыру орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі Кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы болып белгіленсін.

3. Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні спорт және санаториялық-курорттық емдеу саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыратын болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі белгіленген т ә р т і п п е н :

1) мынадай мекен-жай бойынша: Қырғыз Республикасы, Ыстықкөл ауданы, Қорымды селосында орналасқан "Қазақстан автомобилисі" демалыс үйінің мүлкін Кәсіпорынға беру жолымен оның жарғылық капиталын қалыптастырсын;

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітсін және оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, Қырғыз Республикасының заңнамасына сәйкес оның аумағында Кәсіпорынның тіркеуін қамтамасыз етсін.

5. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі